

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы

№ 06 ХАТТАМА

15 мамыр 2025 жыл

Оқу-әдістемелік кеңес мәжілісі

ОӘК төрайымы: Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры, профессор, өнертану ғылымдарының кандидаты Әбдірахман Г.Б.

Хатшы: Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а. (доцент) Машимбаева А.Ж.

ОӘК мүшелерінен 28 адам қатысты (Тізім хаттамаға қоса тіркелді).

Келмегендер: (Ерманов Ж.Р.– сабақта).

Күн тәртібінде:

1. Жұмыс берушілерге сауалнама жүргізу нәтижесі (Әбдіқадыр А., *Практика, жұмыспен қамту және мансап секторының басшысы*);
2. Оқытушы-профессорлық құрамның оқу-әдістемелік басылымдарын жариялауға ұсыныс беру туралы (Декандар):
 - 1) Қ. Жұмағали «Күй – мәңгілік мұра». Жинақ. Қазақ тілінде. – 166 бет.
 - 2) А.Бекенова «Ә. Әбдінұровтың альт пен фортепианоға арналған шығармалары». Жинақ. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. – 80 бет.
 - 3) А.Бекенова «Айтқали және Арман Жайымовтардың альт пен фортепианоға арналған шығармалары». Жинақ. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. – 84 бет.
 - 4) Г.Сулеева «Шет тілдерінен енген мәдениет және өнер терминдерінің орысша-қазақша сөздігі». Сөздік. Қазақ, орыс тілдерінде. – 81 бет.
 - 5) Ш.Алтайбаева «Практикум по грамматике французского языка для начинающих (уровни А1, А2)». Оқу құралы. Орыс, ағылшын тілдерінде. – 104 бет.
 - 6) С. Жанпейісова «Айнамақоз». Жинақ. Қазақ тілінде. – 259 бет.
 - 7) С. Жанпейісова., Б. Бәбіжан «Қазақ ән-жыр дәстүрінің тарихы және орындаушылық өнер». Жинақ. Қазақ тілінде. – 200 бет
 - 8) Л. Ақиқат «Қанат қақты». Жинақ. Қазақ тілінде. – 80 бет.
 - 9) Б. Ысқақов., Т. Тоқжанов «Домбырадағы орындаушылық өнер тарихы». Оқу құралы. Қазақ тілінде. – 192 бет.
 - 10) Е. Шүкіман «Бүлкілдер әнге салса көмекейі». Оқу құралы. Қазақ, орыс тілдерінде. – 312 бет.
 - 11) Д. Уразымбетов «Научно-методическое учебное пособие для студентов образовательной программы «Специальное фортепиано»». Ғылыми-әдістемелік оқу құралы. Орыс тілінде.
 - 12) А. Джумағалиева., Б. Игілік «Қазіргі заманғы шертпе күй орындаушылық өнеріндегі өзекті мәселелер». Жинақ. Қазақ тілінде. – 61 бет.

13) А.Карсакбаева., Б.Қосбасаров., Б.Ақажан «Қыл қобызға лайықталған этюдтар». Жинақ. Қазақ тілінде. – 31 бет.

СӨЙЛЕДІ: Әбдірахман Г.Б. – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор:

Қайырлы күн! Құрметті оқу-әдістемелік кеңес мүшелері, мәжілісімізді бастайық. Бүгінгі мәжіліс негізінен оқу-әдістемелік әдебиеттерді талқылауға арналады. Келесі Оқу-әдістемелік кеңесте жаңа әдебиеттер талқыланды, тек бүгін қайта жөндеген берген әдебиеттер қайта қаралуы мүмкін. Ендеше бірінші сұрақты талқылауға көшейік.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Жұмыс берушілерге сауалнама жүргізу нәтижесі (Әбдіқадыр А., Практика, жұмыспен қамту және мансап секторының басшысы).

СӨЙЛЕДІ:

Әбдіқадыр А. – Практика, жұмыспен қамту және мансап секторының басшысы:

Қайырлы күн, құрметті оқу әдістемелік кеңес мүшелері! Бірінші кезекте өзімді таныстыра өтсем. Құрылымдық өзгерістерге сәйкес, 2025 жылдың ақпан айынан бастап Практика, жұмыспен қамту және мансап секторының басшысы қызметіне тағайындалдым. Сектордың мақсаты – студенттер мен түлектердің кәсіби дағдыларын дамыту, жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттыру және мансаптық өсуді қамтамасыз ету.

Сіздердің назарларыңызға, жұмыс берушілердің консерватория түлектеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижелерін ұсынамын. Сауалнама 2025 жылдың 26 ақпаны мен 15 наурызы аралығында жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты – жұмыс берушілердің консерватория түлектерінің білім мен дағдыларына қанағаттану деңгейін анықтап, кәсіби талаптарды бағалау арқылы білім беру үдерісін жетілдіруге ұсыныстар әзірлеу.

Google форма түрінде Республикамыздың 59 ұйымына, оның ішінде филармониялар, колледждер, мектептер мен басқа да мәдени ұйымдарға жолданды. Сауалнамаға барлығы 10 респондент қатысты, атап айтсақ;

1. Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясы
2. Солтүстік Қазақстан облысы Ақан сері атындағы филармониясы
3. «Шығыс Қазақстан облыстық филармониясы» КМҚК
4. Қ. Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігі
5. А. Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжі МКҚК
6. «Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжі» РМҚК
7. Маңғыстау өнер колледжі
8. Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернаты

9. «Ертіс концерт» КМҚК

10. Қарағанды облысы білім басқармасының «Мамандандырылған музыка мектеп-интернаты»

Жұмыс берушілердің мамандарды даярлау сапасына қанағаттану деңгейін бағалау үшін оқытудың түрлі аспектілерін қамтитын сұрақтар қойылды.

1) Сіздің ұйымыңыз кәсіби қызметкерлерді жұмысқа қабылдау үшін келесі әдістердің қайсысын қолданады?

1) БАҚ арқылы жарнама және ақпаратты ұйымның жеке веб-сайтында орналастыру – 28,6%

2) жұмысқа орналастыру агенттігіне жүгіну – 21,4%

3) ЖОО-дан тікелей қабылдау – 14,3%

4) серіктестердің ұсыныстары – 7,1%

Сонымен қатар жұмыс берушілер көбінесе өздерінің өңірлерінен бітіріп шыққан түлектеріне мониторинг жасау арқылы жұмысқа алатындарын жеткізді.

2) Сізді жас мамандарды тарту бойынша қандай іс-шаралар қызықтырады?

1) «бос жұмыс орындар жәрмеңкесі» – 64,3% белгілеген

2) сіздің кәсіпорныңызға студенттердің экскурсиялары – 28,6%

3) студенттерге арналған мастер-кластар – 7,1% белгіледі

3) Болашақ қызметкерлеріңіздің қажетті білім деңгейін көрсетіңіз деген сұраққа төмендегідей көрсеткіште жауап берілді

1) Бакалавриат – 71,4%

2) Магистратура – 28,6%

4) Бүгінгі таңда сіздің ұйымыңыздағы жас маманның жалақысының деңгейі қандай?

1) 150 мың теңгеден жоғары – 42,9% белгілеген

2) 130 мыңнан 150 мың теңгеге дейін – 28,6%

3) 100 мыңнан 130 мың теңгеге дейін – 21,4%

4) 80 мың теңгеден 100 мың теңгеге дейін – 7,1%

5) Сіздің ұйымыңызға түлектер қандай мамандықтар бойынша қажет деген сұраққа жұмыс берушілер төмендегідей жауап берді?

1) Ұрмелі және ұрмалы аспаптар – 28,6%

2) Дирижерлау (хор, оркестр) – 21,4%

3) Музыкатану – 21,4%

4) Вокалдық өнер, Фортепиано – 14,3%

6) Консерватория түлектерінің кәсіби дайындық деңгейін 5 балдық шкала бойынша бағалаңыз (мұнда 0 – «өте төмен», 5 – «өте жоғары»)

1) 5 – өте жоғары – 50%

2) 4 – жоғары – 35,7%

3) 3 – жақсы және 0 – өте төмен – 7,1% деп көрсеткен.

7) Консерватория түлектерін даярлаудың негізгі артықшылықтарын көрсетіңіз.

- 1) түлектердің кәсібилігі – 71,4%
- 2) практикалық дайындықтың жоғары деңгейі – 14,3%
- 3) қызметтің заманауи әдістері мен технологияларын меңгеру және теориялық білімнің жоғары деңгейі – 7,1%

8) Консерватория түлектерін даярлаудағы негізгі кемшіліктерді көрсетіңіз.

- 1) өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге деген ұмтылыстың болмауы – 50%
- 2) практикалық дайындықтың жеткіліксіз деңгейі және жұмысқа деген ынтасының болмауы – 14,3%
- 4) төмен өндірістік тәртіп – 14,3%
- 5) теориялық білімнің төмен деңгейі – 7,1% көрсеткішпен бағаланды.

9) Консерватория түлектерін даярлауда нені жақсарту керек деп ойлайсыз деген сауалға?

- 1) еңбек тәртібін, жауапкершілігін арттыру – 28,6%
- 2) өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын арттыру – 28,6%
- 3) жалпы мәдениет деңгейін арттыру – 21,4%
- 4) Практикалық дайындық деңгейін жақсарту – 14,3%
- 5) теориялық білім деңгейін арттыру – 7,1% деп жауап берді.

11) Оқу жоспарына қандай пәндерді енгізуді ұсынар едіңіз деген сұраққа жұмыс берушілер төмендегідей жауап берді ?

* Оқу жоспарына жаңа пәндер енгізудің қажеті жоқ, бар пәндерді тереңдетіп, олардың мазмұнын күшейту керек – 35,7% белгілеген.

* Дыбыс режиссері – 21,4%

* Көбірек тәжірибе – 14,3%

* Италиян, неміс, француз және актерлік шеберлік – 7,1%

* Инновациялық технологиялар пәні – 7,1%

* Жалпы педагогика және психология және Құралдарды баптау және жөндеу – 7,1%

12) Консерватория студенттерінің тәжірибеден өтуі сіздің талаптарыңызға қаншалықты сәйкес келеді?

- 1) негізінен сәйкес келеді – 57,1%
- 2) толық сәйкес келеді – 35,7%
- 3) жартылай сәйкес келеді – 7,1%

13) Студенттер тәжірибеден өткеннен кейін оларды жұмысқа қабылдау мүмкіндігін қарастырдыңыз ба?

- 1) иә – 64,3%
- 3) жауап беру қиын – 35,7%

14) Консерваторияның кәсіби музыкалық кадрлар даярлауындағы негізгі құндылығы ретінде нені атап өтуге болады деген сауалға?

* Білім сапасы – 50% белгілеген

* Орындаушылық шеберлік – 21,4%

* Кәсіби кадрларды даярлау – 14,3%

* Әртісті практикалық даярлау және Кадрлардың кәсібилігі – 7,1% құрайды.

15) Сіздің ойыңызша, жұмысқа орналасу кезінде түлектердің практикалық дағдыларының болмауы сияқты мәселені шешу үшін консерваторияға қандай ұсыныстар беру қажет?

1) біздің ұйыммен тығыз ынтымақтастық, тәжірибе жүйесін дамыту – 71,4%

2) біздің базада сабақтар өткізу – 21,4%

3) біздің ұйымның қызметкерлеріне консерваторияда сабақ беруге мүмкіндік беру – 7,1%

Сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, мынадай ұсыныстар айтылды:

- Практикалық дайындықты күшейту
- Заманауи технологияларды меңгеруге баса назар аудару
- Өзін-өзі дамыту және тәртіптік мәдениетті нығайту
- Жұмыс берушілермен серіктестікті нығайту
- Білім беру бағдарламасын жетілдіру

Осы ұсыныстарды іске асыру түлектердің еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттырып, жұмыс берушілердің талаптарына барынша сай келетін кәсіби мамандар даярлауға мүмкіндік береді. Осы сауалнама нәтижелерінен байқағанымыз, жалпы консерватория деңгейі жоғары деп бағалауға болады. Түлектеріміздің білім деңгейі сапалы және профессорлық-оқытушылар құрамының кәсібилігі жоғары деп қорытынды жасауға болады.

СӨЙЛЕДІ: Әбдірахман Г.Б. – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор: Презентациядан байқағанымыздай сауалнамаға 59 қйымна 10-ақ ұйым қатысқан. Бұл өте көрсеткіш. Сауалнамаға жауап берушілер көп уақыт бойы жауап бермеді. Сауалнама сұрақтарына әр білім беру бағдарламасы бойынша сұрақтар қосу керек. Жалпы сұрақтар көп. Болашақта ескерулеріңізді сұраймын.

1. ҚАУЛЫ: Жұмыс берушілерге сауалнама жүргізу есебі қабылдансын. Келесі оқу жылында жұмыс берушілерге сауалнама ерте жіберілсін.

Бірауыздан қабылданды.

2. ТЫҢДАЛДЫ: Оқытушы-профессорлық құрамның оқу-әдістемелік басылымдарын жариялауға ұсыныс беру туралы (Декандар).

2.1 ТЫҢДАЛДЫ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының доценті Қ.Жұмағалидің «Күй-мәңгілік мұра» атты домбыра күйлерінің жинағын баспаға ұсыну туралы.

СӨЙЛЕДІ:

А. Джумағалиева – «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі:

Аталған «Күй-мәңгілік мұра» атты домбыра күйлерінің жинағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультетінің Әдістемелік кеңесінің мәжілісімен (№05 хаттама, 30 сәуір 2025 ж.), «Домбыра» кафедрасының мәжілісімен (№ 09 хаттама, 28 сәуір 2025 ж.) сонымен қатар, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының аға оқытушысы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Е.Үсеновтың, Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжінің оқытушысы, ҚР еңбек сіңірген әртісі Ж.Нұржауовтың пікірлері арқылы баспаға ұсынылды.

2.1 ҚАУЛЫ:

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ базасындағы Оқу-әдістемелік кеңесінің сараптамасынан өткен «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының доценті Қ. Жұмағалидің «Күй-мәңгілік мұра» домбыра күйлерінің жинағы баспадан шығаруға ұсынылсын.

2.2 ТЫҢДАЛДЫ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті (акад.), философия докторы (PhD) А.С. Бекенованың «Ә.Әбдінұровтың алыт және фортепианоға арналған шығармалары // Произведения для альта и фортепиано А.Абдинурова» (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) атты жинағын баспаға ұсыну туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Халилова К.М. – «Ішекті аспаптар» кафедрасының меңгерушісі:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті, философия докторы (PhD) А.С. Бекенованың «Произведения для альта и фортепиано» жинағын баспаға ұсыну туралы оң пікір білдірді. Аталған жинағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультеті Әдістемелік кеңесінің мәжілісімен (№06 хаттама, 14 мамыр 2025 ж.), «Ішекті аспаптар» кафедрасының мәжілісімен (№ 08 хаттама, 02 мамыр 2025 ж.) сонымен қатар, К. Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Д.Ж. Жұмабекованың, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті Д.Махмудтың пікірлері арқылы баспаға ұсынылды.

2.2 ҚАУЛЫ:

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ базасындағы Оқу-әдістемелік кеңесінің сараптамасынан өткен «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті А.С. Бекенованың «Произведения для альта и фортепиано А.Абдинурова» жинағы баспадан шығаруға ұсынылсын.

2.3 ТЫҢДАЛДЫ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті, философия докторы (PhD) А.С. Бекенованың «Айтқали және Арман Жайымовтардың альт пен фортепианоға арналған шығармалары» // «Произведения для альты и фортепиано Айтқали и Армана Жайымовых» (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) жинағын баспаға ұсыну туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Халилова К.М. – «Ішекті аспаптар» кафедрасының меңгерушісі:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті А.С. Бекенованың «Произведения для альты и фортепиано Айтқали и Армана Жайымовых» жинағын баспаға ұсыну туралы оң пікір білдірді.

Аталған жинақ Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультеті Әдістемелік кеңесінің мәжілісімен (№06 хаттама, 14 мамыр 2025 ж.), «Ішекті аспаптар» кафедрасының мәжілісімен (№ 08 хаттама, 02 мамыр 2025 ж.) сонымен қатар, К. Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Д.Ж. Жұмабекованың; Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ішекті аспаптар» кафедрасының профессоры А.Абатованың пікірлері арқылы баспаға ұсынылды.

2.3 ҚАУЛЫ:

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ базасындағы Оқу-әдістемелік кеңесінің сараптамасынан өткен «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті А.С. Бекенованың «Айтқали және Арман Жайымовтардың альт пен фортепианоға арналған шығармалары» // «Произведения для альты и фортепиано Айтқали и Армана Жайымовых» жинағын баспадан шығаруға ұсынылсын.

2.4 ТЫҢДАЛДЫ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультеті «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының профессор (акад.), қауымдастырылған профессор, ф.ғ.к. Г.С. Сулееваның «Шет тілдерінен енген мәдениет және өнер терминдерінің орысша-қазақша сөздігін» баспаға ұсыну туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Мұсағұлова Г.Ж. – «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультетінің деканы, ө.ғ.к., профессор:

«Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультеті «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының профессоры

(акад.) Г.С. Сулееваның «Шет тілдерінен енген мәдениет және өнер терминдерінің орысша-қазақша сөздігін» баспаға ұсыну туралы оң пікір білдірді.

Аталған сөздік Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультетінің Әдістемелік кеңесінің мәжілісімен (№04 хаттама, 11 наурыз 2025 ж.), «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының мәжілісімен (№ 07 хаттама, 26 ақпан 2025 ж.) сонымен қатар, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімінің басшысы, «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультетінің «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), ф.ғ.к. А.Машимбаеваның, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультетінің «Халық әні» кафедрасының доценті, PhD доктор, ҚР «Мәдениет саласының үздігі» А.Күзеубайдың, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті А.Байтұрсынов атындағы «Қазақ тілі білімі» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.д., О. Жұбайдың пікірлері арқылы баспаға ұсынылды.

2.4 ҚАУЛЫ:

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ базасындағы Оқу-әдістемелік кеңес сараптамасынан өткен «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультеті «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының профессоры (акад.) Г.С. Сулееваның «Шет тілдерінен енген мәдениет және өнер терминдерінің орысша-қазақша сөздігі» еңбегі баспадан шығаруға ұсынылсын.

2.5 ТЫҢДАЛДЫ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультеті «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының ф.ғ.к., доцент Ш.Ю. Алтайбаеваның «Практикум по грамматике французского языка для начинающих (уровни А1, А2)» атты оқу құралын баспаға ұсыну туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Мұсағұлова Г.Ж. – «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультетінің деканы:

«Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультеті «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының ф.ғ.к., доцент Ш.Ю. Алтайбаеваның «Француз тілінің грамматикасы бойынша практикум. Бастапқы курс» атты оқу құралын баспаға ұсыну туралы оң пікір білдірді.

Аталған оқу құралы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультетінің Әдістемелік кеңесінің мәжілісімен

(№04 хаттама, 11 наурыз 2025 ж.), «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының мәжілісімен (№ 07 хаттама, 26 ақпан 2025 ж.) сонымен қатар, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының профессоры «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік гуманитарлық пәндер» факультетінің профессоры, филология ғылымдарның докторы С. Джансеитованың, «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік гуманитарлық пәндер» факультеті Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы Ш. Макатаеваның; Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының оқытушысы А.Таллоны қойтынды пікірлері арқылы баспаға ұсынылды.

2.5 ҚАУЛЫ:

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ базасындағы Оқу-әдістемелік кеңесінің сараптамасынан өткен «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультеті «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының ф.ғ.к., доцент Ш.Ю. Алтайбаеваның «Француз тілінің грамматикасы бойынша практикум. Бастапқы курс» оқу құралын баспадан шығаруға ұсынылсын.

2.6 ТЫҢДАЛДЫ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультеті «Халық әні» кафедрасының қауымдастырылған профессоры С. Жанпейісованың «Айнамақ» атты әндер жинағын баспаға ұсыну туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Габдрахимова Г.Г. – «Халық музыкасы» факультетінің деканы:

«Халық музыкасы» факультеті «Халық әні» кафедрасының қауымдастырылған профессоры С. Жанпейісованың «Айнамақ» атты әндер жинағын баспаға ұсыну туралы оң пікір білдірді.

Аталған жинақ Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультетінің Әдістемелік кеңесінің мәжілісімен (№05 хаттама, 30 сәуір 2025 ж.), «Халық әні» кафедрасының мәжілісімен (№ 10 хаттама, 21 сәуір 2025 ж.) сонымен қатар, Композитор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Қазақстан авторлар қоғамы» РҚБ авторлық кеңесінің мүшесі Б.Қыдырбектің, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының профессоры Т.Тоқжановтың; Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультеті «Музыкатану және композиция» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Б.Дәлденбайдың пікірлері арқылы баспаға ұсынылды.

2.6 ҚАУЛЫ:

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ базасындағы Оқу-әдістемелік кеңесінің сараптамасынан өткен «Халық музыкасы» факультеті «Халық әні» кафедрасының қауымдастырылған профессоры С. Жанпейісованың «Айнамкөз» атты әндер жинағы баспадан шығаруға ұсынылсын.

2.7 ТЫҢДАЛДЫ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультеті «Халық әні» кафедрасының қауымдастырылған профессоры С. Жанпейісова мен «Халық әні» кафедрасының аға оқытушысы, философия докторы Бағлан Бәбіжанның «Қазақ ән-жыр дәстүрінің тарихы және орындаушылық өнер» атты жинағын баспаға ұсыну туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Ғабдрахимова Ғ. Ғ. – «Халық музыкасы» факультетінің деканы:

«Халық музыкасы» факультеті «Халық әні» кафедрасының қауымдастырылған профессоры С. Жанпейісова мен «Халық әні» кафедрасының аға оқытушысы, философия докторы Бағлан Бәбіжанның «Қазақ ән-жыр дәстүрінің тарихы және орындаушылық өнер» атты авторлық мақалалар жинағын баспаға ұсыну туралы оң пікір білдірді.

Аталған оқу құралы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультетінің Әдістемелік кеңесінің мәжілісімен (№05 хаттама, 30 сәуір 2025 ж.), «Халық әні» кафедрасының мәжілісімен (№ 10 хаттама, 21 сәуір 2025 ж.) сонымен қатар, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Вокал және дирижерлеу» факультетінің деканы, профессор м.а. А.Бултбаевның; М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Музикатану» бөлімінің меңгерушісі, ө.ғ.к., қауымдастырылған профессор А.Ж. Қазтуғанованың, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультеті «Халық әні» кафедрасының аға оқытушысы К.Кайруллаевтың пікірлері арқылы баспаға ұсынылды.

2.7 ҚАУЛЫ:

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ базасындағы Оқу-әдістемелік кеңесінің сараптамасынан өткен «Халық музыкасы» факультеті «Халық әні» кафедрасының қауымдастырылған профессоры С. Жанпейісова мен «Халық әні» кафедрасының аға оқытушысы, философия докторы Бағлан Бәбіжанның «Қазақ ән-жыр дәстүрінің тарихы және орындаушылық өнер» атты жинағын баспадан шығаруға ұсынылсын.

2.8 ТЫҢДАЛДЫ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының магистранты Л.Ақиқаттың «Қанат қақты» күйлер жинағын баспаға ұсыну туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Ғабдрахимова Ғ.Ғ. – «Халық музыкасы» факультетінің деканы:

«Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының магистранты Л.Ақиқаттың «Қанат қақты» күйлер жинағын баспаға ұсыну туралы оң пікір білдірді.

Аталған жинақ Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультетінің Әдістемелік кеңесінің мәжілісімен (№05 хаттама, 30 сәуір 2025 ж.), «Домбыра» кафедрасының мәжілісімен (№ 09 хаттама, 28 сәуір 2025 ж.) сонымен қатар, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының доценті М.Әбуғазының; Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының доценті Б.Игіліктің; Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультеті «Қобыз және баян» кафедрасының доценті А.Карсакбаеваның қорытынды пікірлері арқылы баспаға ұсынылды.

2.8 ҚАУЛЫ:

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ базасындағы Оқу-әдістемелік кеңесінің сараптамасынан «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының магистранты Л.Ақиқаттың «Қанат қақты» күйлер жинағы баспадан шығаруға ұсынылсын.

2.9 ТЫҢДАЛДЫ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының профессорлары Б.Ысқақов пен Т.Тоқжановтың «Домбырадағы орындаушылық өнер тарихы» оқу-әдістемелік құралын баспаға ұсыну туралы оң пікір білдірді.

СӨЙЛЕДІ:

Ғабдрахимова Ғ.Ғ. – «Халық музыкасы» факультетінің деканы:

«Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының профессорлары Б.Ысқақов пен Т.Тоқжановтың «Домбырадағы орындаушылық өнер тарихы» оқу-әдістемелік құралын баспаға ұсыну туралы оң пікір білдірді.

Аталған оқу құралы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультетінің Әдістемелік кеңесінің мәжілісімен (№05 хаттама, 13 наурыз 2024 ж.), «Домбыра» кафедрасының мәжілісімен (№ 07 хаттама, 12 қаңтар 2024 ж.) сонымен қатар, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының доценті Е. Жаменкеевтің; Құрманғазы атындағы

Қазақ ұлттық консерваториясы «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультеті «Музыкатану және композиция» кафедрасының доценті Ғ. Қалымованың; Астана қаласы әкімдігінің «Е. Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы» Қазақ оркестірінің көркемдік жетекшісі және бас дирижеры А.Т. Жайымовтың пікірлері арқылы баспаға ұсынылды.

2.9 ҚАУЛЫ:

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ базасындағы Оқу-әдістемелік кеңесінің сараптамасынан «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының профессорлары Б.Ысқақов пен Т.Тоқжановтың «Домбырадағы орындаушылық өнер тарихы» оқу-әдістемелік құралын баспаға ұсыну туралы оң пікір білдірді.

2.10 ТЫҢДАЛДЫ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультеті «Халық әні» кафедрасының профессоры Е. Шүкіман мен К. Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің доценті Т.Сембаевтың «Бүлкілдер әнге салса көмекейі» оқу құралын баспаға ұсыну туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Ғабдрахимова Ғ.Ғ. – «Халық музыкасы» факультетінің деканы:

«Халық музыкасы» факультеті «Халық әні» кафедрасының профессоры Е. Шүкіман мен К. Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің доценті Т.Сембаевтың «Бүлкілдер әнге салса көмекейі» жинағын баспаға ұсыну туралы оң пікір білдірді.

Аталған оқу құралы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультетінің Әдістемелік кеңесінің мәжілісімен (№05 хаттама, 30 сәуір 2025 ж.), «Халық әні» кафедрасының мәжілісімен (№ 10 хаттама, 21 сәуір 2025 ж.) сонымен қатар, ; К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің «Дәстүрлі музыкалық өнер» факультеті «Дәстүрлі ән» кафедрасының профессоры Қ.Байбосыновтың; Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультетінің «Музыкатану және Композиция» кафедрасының профессоры С. Елеманованың; Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультетінің «Халық әні» кафедрасының доценті А.Күзеубайдың пікірлері арқылы баспаға ұсынылды.

2.10 ҚАУЛЫ:

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ базасындағы Оқу-әдістемелік кеңесінің сараптамасынан өткен «Халық музыкасы» факультеті «Халық әні» кафедрасының профессоры Е. Шүкіман

мен К. Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің доценті Т.Сембаевтың «Бүлкілдер әнге салса көмекейі» оқу құралын баспадан шығаруға ұсынылсын.

2.11 ТЫҢДАДЫ:

ӘБДІРАХМАН Г.Б. – Оқу-әдістемелік кеңестің төрағасы, академиялық мәселелер жөніндегі проректор, профессор, өнертану кандидаты: Құрметті әріптестер, бүгін біз үш музыкалық ЖОО оқытушыларының бірлескен жобасын талқылауға ұсынамыз – бұл Өзбекстан мемлекеттік консерваториясы (Ташкент қ.), Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы (Алматы қ.), Л. В. Собинов атындағы Саратов мемлекеттік консерваториясы (Саратов қ.) арасындағы ынтымақтастық нәтижесі. Жоба қатысушы елдердің композиторлары жазған фортепианолық шығармаларды талдауға және аналитикалық мәтіндер, ноталар мен медиаконтент біріктірілген ортақ әдістемелік база құруға бағытталған оқу құралын жасауды көздейді. Қазіргі таңда біз жобаны сараптамалық қарауға және оны баспаға ұсыну туралы шешім қабылдауға дайын кезеңге жеттік.

УРАЗЫМБЕТОВ Д.Д. – Халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық бөлімінің басшысы, арт-менеджмент кафедрасының доценті, өнертану кандидаты, қауымдастырылған профессор:

Аталған жоба ұлттық фортепиано мектептерін тек дәстүр мұралары ретінде емес, қазіргі заманға сай дамып жатқан тірі жүйе ретінде таныстыруға мүмкіндік береді. Жобаға қазіргі заман композиторларының шығармаларын енгізу – оқу процесінің эстетикалық және тақырыптық талабына сай репертуарлық база құруға ықпал етеді. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы тарапынан жобаға қатысқан оқытушылар: арнайы фортепиано кафедрасының оқытушысы **Д. К. Токмурзиева** Ләззат Жұманованың «Бес прелюдия» фортепианолық цикліне зерттеу жүргізді; арнайы фортепиано кафедрасының аға оқытушысы **Р. С. Дюсембаева** Нәгім Мендығалиевтің «Домбыра туралы аңыз» атты фортепианолық поэмасын талдады; арнайы фортепиано кафедрасының оқытушысы **А. А. Закирова** және кафедраның аға оқытушысы **Л. А. Ақшпекова** бірге **Әділжан Толықпаевтың** өңдеуіндегі қазақтың халық әні «Япурайға» талдау жасады; **А. А. Закирова** арнайы фортепиано кафедрасының докторанты **М. М. Булембаевамен** бірге Тасқын Жармуқаметтың «Жігер» атты фортепианолық пьесасына талдау жасады; ал музыка теориясы және композиция кафедрасының оқытушысы **А. С. Қалибаева** Гүлжан Өзенбаеваның «Фантазия для фортепиано» шығармасын талдап шықты.

ГАВРИЛЕНКО И.А. – арнайы фортепиано кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы, өнер магистрі:

Менің ойымша, бұл – композиторлық материал, академиялық талдау және әдістемелік тәжірибелік бағыттылықты үйлестіретін кешенді ғылыми-оқытушылық бастаманың жарқын мысалы. Жобаның тек жоғары оқу орындарына емес, сонымен қатар колледждерге, мамандандырылған

мектептерге, олимпиадалар мен байқауларға дайындық барысында да қолдануға болатыны маңызды.

УРАЗЫМБЕТОВ Д.Д. – Халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық бөлімінің басшысы, арт-менеджмент кафедрасының доценті, өнертану кандидаты, қауымдастырылған профессор:

Жоба халықаралық ауқымда елеулі әлеуетке ие. Үш елдің музыкалық шығармалар арқылы қатысуы мәдени-білім беру диалогын қалыптастырады. Бұл – ұлттар арасындағы ынтымақтастықты нығайту мен ұлттық музыкалық мектептерді жаһандық кеңістікке ілгерілету үшін маңызды. Біз жобаның онлайн-презентациясын 2025 жылдың 24 маусымына жоспарлап отырмыз. Қазірдің өзінде педагогикалық қауымдастық тарапынан жоғары қызығушылық байқалуда. Жоба оқу үдерісіне ену мүмкіндігі жоғары екені де атап өтуге тұрарлық.

ӘБДІРАХМАН Г.Б. – Оқу-әдістемелік кеңестің төрағасы, академиялық мәселелер жөніндегі проректор, профессор, өнертану кандидаты: Анализге алынған шығармаларды толыққанды қабылдау үшін біз олардың кәсіби бейнежазбасын ұйымдастырдық. Бұл бөлім жобадағы теориялық тұжырымдарды тірі орындаумен салыстыруға мүмкіндік береді. Видеожазбалар арнайы плейлист түрінде YouTube арнасында орналастырылады. Әр томда (жалпы үш том – әр қалаға біреуден) QR-кодтар орналасып, тікелей бейнематериалдарға сілтеме жасайды. Бұл оқу құралының мәтіні, нотасы және медиасы біріктірілген ыңғайлы әрі заманауи форматын жасайды. Концерттік-шығармашылық қызмет бойынша аға менеджер **Құдайбергенов А. Қ.** бейнежазба процесіне атсалысты, ал дыбыс жазу студиясы бөлімінің басшысы **Носенко Н. Н.** дыбыс режиссері қызметін атқарды. Әріптестеріміздің кәсіби жұмысының арқасында бейне және аудио материал сапасы жоғары деңгейде қамтамасыз етілді, бұл әсіресе динамика мен нюанстар маңызды рөл атқаратын фортепианолық репертуармен жұмыс істеуде өте маңызды.

2.11 ҚАУЛЫ:

Алматы, Саратов және Ташкент қалаларындағы үш консерваторияның халықаралық ғылыми-әдістемелік жобасын «Арнайы фортепиано» білім беру бағдарламасы бойынша студенттерге арналған оқу құралы ретінде баспаға ұсыну ұсынылсын. Оқу құралының сандық және баспа форматтарында таратылуын, сондай-ақ бейне-аудио материалдарға арналған QR-кодтардың міндетті түрде енгізілуі қарастырылсын.

2.12 ТЫҢДАЛДЫ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының доценттері А.Джумағалиева мен Б.Игіліктің құрастыруындағы «Қазіргі заманғы шертпе күй орындаушылық өнеріндегі өзекті мәселелер» жинағын баспаға ұсыну туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Ғабдрахимова Ғ.Ғ. – «Халық музыкасы» факультетінің деканы:

«Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының доценттері А.Джумағалиева мен Б.Игіліктің құрастыруындағы «Қазіргі заманғы шертпе күй орындаушылық өнеріндегі өзекті мәселелер» жинағын баспаға ұсыну туралы оң пікір білдірді.

Аталған жинақ Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультетінің Әдістемелік кеңесінің мәжілісімен (№05 хаттама, 30 сәуір 2025 ж.), «Халық әні» кафедрасының мәжілісімен (№ 09 хаттама, 28 сәуір 2025 ж.) сонымен қатар, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының доценті М.Қ. Әбуғазының; Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Музыкатану және композиция» кафедрасының профессоры Г.Ж. Мусагулованың; Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының профессоры Т.Тоқжановтың пікірлері арқылы баспаға ұсынылды.

2.12 ҚАУЛЫ:

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ базасындағы Оқу-әдістемелік кеңесінің сараптамасынан өткен «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының доценттері А.Джумағалиева мен Б.Игіліктің құрастыруындағы «Қазіргі заманғы шертпе күй орындаушылық өнеріндегі өзекті мәселелер» жинағы баспадан шығаруға ұсынылсын.

2.13 ТЫҢДАЛДЫ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультеті «Қобыз және баян» кафедрасының оқытушылары А.Карсакбаева, Б.Қосбасаров, Б.Ақажанның «Қыл қобызда орындау шеберлігін дамыту» атты практикумын баспаға ұсыну туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Ғ. Ғабдрахимова – «Халық музыкасы» факультетінің деканы:

«Халық музыкасы» факультеті «Қобыз және Баян» кафедрасының оқытушылары А.Карсакбаева, Б.Қосбасаров, Б.Ақажанның «Қыл қобызда орындау шеберлігін дамыту» атты практикумын баспаға ұсыну туралы оң пікір білдірді.

Аталған оқу құралы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультетінің Әдістемелік кеңесінің мәжілісімен (№05 хаттама, 30 сәуір 2025 ж.), «Қобыз және Баян» кафедрасының мәжілісімен (№ 10 хаттама, 30 сәуір 2025 ж.) сонымен қатар, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультетінің «Қобыз және Баян» кафедрасының профессоры Ш.Рауандинаның; Қорқыт ата атындағы ғылыми-зерттеу орталығының аға

ғылыми қызметкері, Қазақстан композиторлар одағының мүшесі Ә. Қазақбаевтың пікірлері арқылы баспаға ұсынылды.

2.13 ҚАУЛЫ:

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ базасындағы Оқу-әдістемелік кеңесінің сараптамасынан өткен «Халық музыкасы» факультеті «Қобыз және Баян» кафедрасының оқытушылары А.Карсакбаева, Б.Қосбасаров, Б.Ақажанның «Қыл қобызда орындау шеберлігін дамыту» атты практикумы баспадан шығаруға ұсынылсын.

СӨЙЛЕДІ: Әбдірахман Г.Б. – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор: Құрметті әріптестер, бүгін Оқу-әдістемелік кеңесте бүгін жалпы саны 21 еңбек талқылауға ұсынылыпты. Барлық еңбектер кафедрадан, факультет кеңесінен талқылаудан өткен. Хаттамадан үзінді берілген. Бірақ, өкінішке орай бүгін өздеріңіз куә болғандай көп еңбектердің жанры, тіпті мазмұны баспаға ұсынуға жарамады. Сондықтан келесі еңбектер қайта толықтыруға, өңдеуге ұсынылсын:

- 1) Қ. Жұмағали «Күй – мәңгілік мұра». Жинақ. Қазақ тілінде. -166 бет.
- 2) А.Масымханова «Исполнительская техника прима-кобызиста: Избранные этюды». Оқу құралы. Орыс, ағылшын тілдерінде. -180 бет.
- 3) С. Қожасметов «18 уровней технического мастерства игры на баяне» Практикум. Орыс тілінде. -107 бет.
- 4) А.Күзеубай «Ән домбыра». Оқу құралы. Қазақ тілінде. -бет.
- 5) К. Қайруллаев «Наурызбек жырау мақамдары». Жинақ. Қазақ тілінде. – бет.
- 6) К.Қожамжарова, Д.Саманова «Психологияға кіріспе». Оқу құралы. Қазақ тілінде. -80 бет.
- 7) Т. Оспанова «Ежелгі, Орта ғасырлар және Қайта өрлеу дәуірінің Батыс еуропа музыкасы». Оқу құралы. Қазақ тілінде. -95 бет.
- 8) С.Нургалиева «Становление профессионального вокального искусства Казахстана». Оқу құралы. Орыс тілінде. -70 бет.

Бұл еңбектер қайта жөнделсе, келесі Оқу-әдістемелік кеңестерде қайта талқыланады. Осымен мәжілісімізды аяқтайық. Енді бір мәжіліс қалды. Сонымен оқу жылы аяқталады.

ОӘК төрайымы

Хатшы

Г. Әбдірахман

А. Машимбаева